

**СТРЕЗАМ - ПСИХОСОМАТИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕ**

*Зерттеудің мақсаты стрезам препаратының әртүрлі психосоматикалық аурулар кезіндегі терапиялық тиімділігін зерттеу болып табылады.*

**Түйін сөздер:** стрезам; психосоматикалық бұзылыстар; үрей; созылмалы стресс.

Стрезам (Этифоксин) – бензоксазин туындысы, анксиолитикалық белсенділік көрсетеді, аз мөлшерде – седативті әсері бар. Тәуелділік шақырмайды, тоқтату синдромы байқалмайды.

Препарат асқазан-ішек жолында жылдам сіңіріледі, бауырда бірнеше метаболиттерге дейін жылдам метаболизге ұшырайды. Олардың бірі (диэтилэтифоксин) белсенді болып табылады және оның жартылай шығу кезеңі жиырма сағатты құрайды. Қанда максимальды концентрациясы 2-3 сағаттан соң байқалады, жартылай шығу кезеңі -6 сағат. Зәрмен аз мөлшерде өзгермеген түрде шығады; өт арқылы да бөлінеді.

Көрсеткіштері: ішкі кернеліс күйін, жоғары тітіркенгіштікті, төмен көңіл-күйді басуда, үрей жағдайын, соның ішінде соматикалық аурулар, әсіресе жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары кезіндегі үрей жағдайларын басуда қолданылады.

Басқа дәрілік препараттармен әсерлесі отырып, орталық жүйке жүйесін тежейтін опиоидты анальгетиктер, барбитураттар, ұйықтататын заттар, нейролептиктер, антигистаминді заттар және т.б. әсерін потенцирлейді. Сонымен қатар алкогольдің әсерін күшейтеді.

Осы уақытқа дейін дәрігер психиатрлар мен жалпы тәжірибе дәрігерлері арсеналында психотропты препараттар ішінде бензодиазепин туындылары бастапқы орында, бұл олардың жалпы медициналық тәжірибеде, әсіресе терапиялық стационар пациенттерінде кездесетін табиғаты әрқилы психикалық бұзылыстардың емінде аса қажеттілігімен, тиімділігімен байланысты.

Психикалық адаптация бұзылыстары кезіндегі транквилизаторларға деген жоғары қажеттілік, және де бензодиазепиндік транквилизаторларды ұзақ уақытқа тағайындау кезіндегі кері құбылыстар түзілу мүмкіндігіне (тиімді және қауіпсіз) транквилизаторларды жасауға қажеттілікті туындатты. Осындай препараттардың біріне анксиолитик стрезам (этифоксин) жатады - бензодиазепиндік емес құрылымдағы транквилизатор.

Бізбен (Республикалық Психиатрия, Психотерапия және Наркология Ғылыми Тәжірибелік орталығы) психосоматикалық бұзылыстар бөлімшесінде 2010 жылдан 2011 жыл аралығы кезеңінде - 24-68 жас аралығындағы 153 пациент, олардың ішінде ерлер - 35; әйелдер - 118, жайылған үрейлі бұзылыс диагнозымен - 8 адам - F41.0 зерттеліп, емделді. 17 адам вегетативті бұзылыстармен жүретін паникалық бұзылыстар диагнозымен - F41.8. Анықталған басқа үрейлі - фобиялық бұзылыстар диагнозымен - 73 адам. 15 адам аралас диссоциативті бұзылыстар диагнозымен емделді - F06.4. 19 адамда органикалық үрейлі бұзылыс - F44.7 диагностикаланды. Органикалық аффективті бұзылыстар 13 адамда - F06.3 анықталды. Рекуррентті депрессивті бұзылыс диагнозы, соматикалық симптомдар мен ағымды эпизод - 8 адам.

Ем қабылдап жатқан ерлердің ішінде жастар 24 - 35 жас аралығындағылар, әйелдерден 55 жас кезеңіндегілер басым болды. Ерлер еңбекке қабілетті жас кезеңіндегілер, олардың ішінде басым пайызы жұмыс табылмауына байланысты немесе денсаулық жағдайына байланысты уақытша жұмыссыздар. Әйелдер арасында 45% астамы зейнеткерлікке байланысты жұмыссыз, басқалары жұмыс орындарында орын болмауына байланысты жұмыссыз.

85% әйел пациенттер үлкен қала жағдайында, жеке өмір сүреді, жеке тұратын ересек балалары бар. Ерлердің басым бөлігі жұбайларымен тұрады, кейбіреулері әртүрлі себептерге байланысты үйленбеген. Ұлттық құрамы бойынша 85% қазақ ұлты, қалған 15% европалық ұлт. 40%-дан астамында жоғары білімі бар. Пациенттердің басым бөлігінде сәйкес тұрмыстық жағдай жоқ, қаржылық қиындықтары бар. Барлық дерлік науқастар стационарға алғаш түсіп отырғандар, дәрігер - интернистерде ем қабылдау орынды деп санап психиатриялық көмекке жүгінбеген, негізінен емханалық жағдайларда қаралған. Пациенттердің бөлімшеде болу ұзақтығы 8 аптадан 10-12 аптаға дейін. Науқастар стрезамды бір капсуладан күніне үш рет қабылдады, ал жайылған үрейлі бұзылыс диагнозымен 8 адам бір капсуладан 4 рет қабылдады. Стрезамды қолдану үрей дәрежесін төмендетті, көп жағдайда үрей толығымен жоғалды, паникалық пароксизмдердің регрессіне алып келді, вегетативті бұзылыстар әлсіреді. Препарат оптималды анксиолитикалық әсерге ие, қауіпсіз, тәуелділік тудырмайды, тоқтату синдромын шақырмайды. Ес, зейін қызметіне әсер етпейді, керісінше қалыптастырады, когнитивті қызмет бұзылыстары жоқ.

Психосоматикалық бұзылыстар патогенезі күрделілігімен және әрқилылығымен ерекшеленеді. Оған орталық жүйке жүйесі құрылымының нейрогуморальды реттелуінің оптималды деңгейін қамтамасыздау тұрғысынан, гипоталамо-гипофизарлық және лимбикалық жүйе, үлкен жартышарлар қыртысының реттеуші орталықтары, бүйрек үсті бездері және т.б. қатысады. Сонымен қатар психосоматикалық патология дамуында басты рөлді созылмалы стресс жағдайы алатынын айта кеткен жөн. Созылмалы стресс жүйке, жүрек-қан тамыр, асқорыту және ағзаның басқа да жүйелерінің басым зақымдалуымен психосоматикалық аурулардың көпбуынды даму механизмінің «бастамасының» аса маңызды фактының бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта стрезам, терапияда таңдамалы препарат болып табылады, мына жағдайларда тиімді: үрейлі невротикалық бұзылыстар (неврастения, психастения); үрейлі симптоматика басымдылығымен үрейлі-депрессивті бұзылыстар; айқын үрей синдромымен психосоматикалық патология; климактерикалық синдром; егде және кәрілік жастағы үрейшілдік. Әсіресе ауру дамуының ең ерте сатысында препаратты уақтылы қабылдау қажеттілігін атап өту маңызды, осы кезде патогенетикалық терапия аса тиімді. Мөлшері күніне 3 капсула. 1 қорабы 2-3 апталық емге жетеді. Ем курсы 2-3 ай.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Вейн А.М. Дюкова Г.М. Панические атаки. Руководство для врачей. – М.: Эйдос Медиа, 2004. – 403 -404 бб.
- 2 Смуглевич А.Б., Дробижев М.Ю., Иванов С.В. Клинические эффекты бензодиазепиновых транквилизаторов в психиатрии и общей медицины. Учебное пособие. М., 2005ж., 10-11, 21-22, 34-35 бб.
- 3 Асимов М.А., Нурмагамбетова С.А. «Депрессивные расстройства и современные методы лечения», методические рекомендации, Алматы 2007 ж. 7-8-9-10 бб.

#### СТРЕЗАМ – В ПСИХОСОМАТИЧЕСКОЙ ПРАКТИКЕ

**Резюме:** Целью исследования является изучение терапевтического эффекта препарата стрезам при различных психосоматических заболеваниях.

**Ключевые слова:** стрезам; психосоматические расстройства; тревога; хронический тресс.

#### STRESAM IN PSYCHOSOMATIC PRACTICE

**Summary:** purpose of the study is to investigate the therapeutic effect of the drug Stresam in psychosomatic diseases.

**Keywords:** Stresam, psychosomatic disorders , anxiety, chronic stress.